

**2002 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Мұнай транзиті туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы хаттамаға қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 қыркүйектегі N 950 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған 2002 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Мұнай транзиті туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы хаттаманың жобасы  
**м а қ ұ л д а н с ы н .**

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі Бақтықожа Салахатдинұлы Измұхамбетовке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер енгізуге рұқсат бере отырып, 2002 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Мұнай транзиті туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы хаттамаға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**2002 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Мұнай транзиті туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы ХАТТАМА**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

мұнай транзиті саласында бұдан былайғы өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға және тереңдетуге мүдделілікті ескере отырып, мына төмендегілер туралы келісті:

1. 2002 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Мұнай транзиті туралы келісімнің (бұдан әрі -

Келісім) 5-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ресей Федерациясының аумағы арқылы Қазақстан мұнайы транзитінің бағыттарын және оның көлемін Ресей Тарабының құзыретті органы Қазақстан Тарабын құзыретті органының өтінімдері негізінде жыл сайын белгілейді және олар белгіленген тәртіппен бекітілетін мұнай транзитінің кестесіне енгізіледі".

2. Келісімнің 7-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Тарабы қолда бар және құрылып жатқан магистральдық мұнай құбырлары жүйелерімен Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Ресей мұнайының транзитін жүзеге асыру мүмкіндігін кепілді түрде береді.

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Ресей мұнайы транзитінің бағыттарын және оның көлемін Қазақстан Тарабының құзыретті органы Ресей Тарабын құзыретті органының өтінімдері негізінде жыл сайын белгілейді және белгіленген тәртіппен бекітілетін мұнай транзитінің кестесіне енгізіледі".

3. Келісімнің 13-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер транзит үшін қазіргі бар магистральдық мұнай құбырлары жүйесі қуаттарының мүмкіндігінен асатын мұнайдың көлемі мәлімделсе, Тараптардың құзыретті органдары қосымша қуаттарды құру шарттарын келіседі.

Жобаларды қаржыландыруды ұйымдастыру және мұнайдың қосымша көлемінің транзиті үшін Тараптардың бірінің мұнай құбыры жүйесінің қолда бар транзиттік қуаттарын кеңейту және жаңаларын салу кезінде қарыз қаражатының қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында екінші Тараптың осы қуаттарды пайдаланатын шаруашылық жүргізуші субъектілері тиісті Тараптың құзыретті органы белгілейтін тәртіппен қарыз қаражатының қайтарылуын қамтамасыз ететін кезеңге мұнайдың ең аз көлемін жеткізуді жүзеге асыруға кепілдіктер беруі тиіс".

4. Келісім мынадай мазмұндағы 13-1 баппен толықтырылсын:

"Ресей Федерациясының аумағы арқылы Қазақстан мұнайы және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Ресей мұнайы транзитінің көлемдері Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы мұнай шикізатының Тараптардың құзыретті органдары әзірлейтін және бекітетін бес жылдық бірлескен теңгерімдерімен нақтыланады".

Осы Хаттама қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

2006 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ қаласында қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды, бұл ретте екі мәтіннің де бірдей күші бар. Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді пайдаланатын болады.

*Қазақстан Республикасының*  
*Үкіметі үшін*

*Ресей Федерациясының*

*Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК